

1.АУЫЗ СУ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ

Су ресурстарын тиімді әрі ашық басқару, цифрлық технологияларды енгізу мақсатында филиал тарапынан Қызылорда облысына қарасты барлық аудандағы өндірістік бөлімшелердің абонент саласының инспектор-бақылаушы штатындағы қызметкерлерді «Атлас-биллинг» бағдарламасы орнатылған арнайы ұялы телефонмен қамтамасыз етіліп, инженер-бағдарламашы штатындағы қызметкерлерге ағымдағы жылдың 17-18 наурыз күндері директордың м.а. Е.Әмишаның, бөлім басшысы Ғ.Омаровтың және жетекші инженер С.Серіковтің қатысуымен дәріс өткізілді.

Телефонмен ауыз су көзін тұтынушы жеке тұлғалардың қолданысындағы су есептегіш аспабын суретке түсіріп, «Атлас-биллинг» бағдарламасына жолдау арқылы су шығыны автоматты түрде есептелуіне, абоненттің бет есебіне немесе банк қосымшаларына төлем сомасын жолдауға толық мүмкіндік береді. Бағдарлама арқылы инспектор-бақылаушының жұмысын қашықтықтан бақылауға мүмкіндік береді.

Инспектор-бақылаушы абонентке бармаса қызыл, барып бірақ су есептегіш құралы туралы мәлімет алмаса сары, ал, барып мәлімет алса жасыл белгісі бағдарламадан көрінеді. Осы арқылы бекітілген аумақ бойынша инспектор-бақылаушының атқарған жұмысы GPS арқылы қадағаланатын болады.

2. Ағымдағы жылдың 29 сәуірінде Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Нұрымбетов пен Тариф саясаты департаментінің директоры Дархан Каинбердиев “Сыр Суы” филиалының мамандарымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында су ресурстарын тиімді пайдалану, су шаруашылығы саласындағы тарифтік саясатты жетілдіру, су нысандарын қорғау және оларды ұтымды басқару мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, сала қызметкерлерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасу жүргізілді.

Жиын қорытындысында алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалып, су ресурстарын сақтау мен тиімді басқару бағытындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

3.АУЫЗ СУДЫ ҮНЕМДЕУ

ҚР Су кодексінің 18-бабы 2-тармағының 10) тармақшасы негізінде су тұтынушылар су үнемдеу технологияларын, суарудың прогрессивті техникасын, айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіруге шаралар қабылдауға, судың өнімсіз ысырабы көлемін азайту шараларын қолдануға міндетті делінген.

Аталған 10)-тармақшаға сәйкес ағымдағы жылдың 27-28 сәуір күндері «Сыр суы» филиалының тарапынан Алматы қаласын ауыз сумен қамтамасыз етуші «Алматы Су» ШЖҚ РМК мекемесімен тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.

Тәжірибе барысында Алматы қаласы бойынша бірнеше автокөлік жуу нысандары араланып, орнатылған айналымды және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйесінің жұмыс жасау процесімен танысу нәтижесімен су көзін үнемдеуге мүмкіндіктің бар екендігіне көз жеткізілді.

Кодексінің 134-бабына сәйкес жоғарыдағы талап 2027 жылдың қаңтар айынан бастап күшіне енгізілетін болғандықтан бүгінгі күннен Қызылорда облысындағы барлық аудандарда және қалаға қарасты елді мекендерде орналасқан автокөлік жуу нысандарына пайдаланатын су ысырабының көлемін азайту шараларын қолдануы қажеттігі жөнінде ескертпелер берілетін болады.

4. АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА

Ағымдағы жылдың сәуір айында партияның облыстық филиалында Партиялық бақылау комиссиясының отырысы өтіп, Қызылорда облысы тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Облыс халқын орталықтандырылған ауыз сумен қамту деңгейі 98,6 пайыз болған еді. Өткен 2025 жылы 9,9 млрд. теңгеге Арал ауданы Ерiмбетжаға және Тастүбек елді мекендері топтық су құбырына қосылды. Шиелі ауданы Лесхоз және Қазалы ауданы Бірлік елді мекендеріне су тұщытқыш қондырғысы орнатылып, Қазалы ауданы Шәкен, Шилі, Шитүбек және Сарбұлақ елді мекендерінде ішкі су жүйелерінің құрылысы жүргізілген болатын.

Сондай-ақ, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің тапсырысымен Арал ауданы Абай, Тоқабай және Ақбасты елді мекендерін топтық су құбырына қосу жұмыстары аяқталды



5.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін және бұл салада білікті кадрлар тапшы екенін атап өткен болатын.

Су шаруашылығы саласындағы мамандықтардың маңызын арттыру және түлектерді кәсіптік бағдарлау мақсатында Қызылорда облысының білім басқармасының қолдауымен мектеп бітірушілерге арналған ашық семинар өткізілді.

Іс шараға «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының қызметкерлері және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Инженер-технологиялық институтының Су шаруашылығының аға оқытушысы қатысты.

Аталған семинарда сала мамандары су шаруашылығы саласының маңыздылығы, мамандық бойынша білім алу мүмкіндіктері және болашақтағы жұмыс орындары мен мансаптық өсу перспективалары туралы жүргізілген түсіндірме жұмыстары барысында оқушылардың сұрақтарына жауаптар берілді.

6. Тіршілік нәрі саналатын суды үнемдеу – өзекті мәселе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, еліміздің алдында тұрған негізгі экологиялық және әлеуметтік міндеттердің бірі ретінде су ресурстарын ұтымды пайдалану және оны үнемдеу мәдениетін қалыптастыру мәселесін ерекше атап өтті.

Осы ретте, Қызылорда облысының білім басқармасының қолдауымен “Қазсушар” РМК “Сыр суы” филиалының қызметкерлері орта мектептің оқушыларына су үнемдеу тақырыбында дәріс өткізіп, арнайы әзірленген бейне роликтер көрсетілді.

Дәріс соңында көрсетілген бейне роликтерге қатысты оқушылардың пікірлері тыңдалды.

7.СУДЫ ҮНЕМДЕУ - БОЛАШАҚҚА ҮЛЕС

Әр тұтынушы күнделікті өмірде қарапайым суды үнемдеу ережелерін сақтауы керек: су есептегіш аспабының дұрыс жұмыс жасауын қадағалау, тісті тазалау кезінде шүмекті өшіру, су пайдалану барысында ақау орын алса уақытында жөндеу, кранды босқа ашық қалдырмау.

“Сыр суы” филиалының тарапынан Қызылорда қаласына қарасты ауылдық округтердегі ауыз суды тұтынушы жеке тұлғаларға суды үнемдеу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Су тек коммуналдық ресурс емес, стратегиялық құндылық. Оны бүгінгі күні ұқыпты пайдалану - бұл елдің болашағына қосқан үлесі және болашақ ұрпаққа деген қамқорлық екендігі баршамызға белгілі.

8.ҚҰТТЫҚТАУ

«Сыр суы» филиалының директор қызметін атқарған Шамуратов Нажмадин Шакизадаұлы «Қазсушар» ШЖҚ РМК Бас директорының м.а. А.Ускенбаевтың 03.06.2026 жылғы бұйрығына сәйкес «Қазсушар» РМК

Қызылорда филиалы директорының міндетін атқарушы қызметіне тағайындалды.



9.ТАҒАЙЫНДАУ

«Қазсушар» РМК Бас директорының м.а. А.Ускенбаевтың 04.06.2026 жылғы бұйрығымен «Сыр суы» филиалының директоры қызметіне Әмиша Ержан Шынтемірұлы тағайындалды.

Ержан Шынтемірұлы еңбек жолын 2002-2004жж. СМП-Қызылорда» ЖШС-де өндірістік-техникалық бөлімінің инженері құрылыс шебері болып бастаған. 2004-2007жж. «Инжстрой-Қызылорда» ЖШС-де учаске шебері, прораб, учаске бастығы, 2007-2008жж. «Қызылорда Жоба Құрылыс» ЖШС-де бас маман, авторлық және техникалық қадағалаушы, 2008-2015жж. Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасында бас маман, бөлім бастығы, департаменті басшысының орынбасары. 2015-2016жж. «Компания Бауыржан Құрылыс» ЖШС-де бас инженер. 2018-2019жж. «АМАН-ЕР и К» ЖШС-де директор, техникалық қадағалаушы, 2023-2024жж. "Арал" СЖКБД филиалында директордың орынбасары. 2024 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалының директор орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып келді.



10. Ағымдағы жылдың 5 маусымында “Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры” өндірістік бөлімшесінің жұмысшы қызметкерлерімен кездесу барысы Жиналыс барысында 2026 жылдың 1 маусымынан бастап қолданысқа енгізілген ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 22.05.2026 жылғы №26-НҚ бұйрығымен «Казсушар» РМК-ның «Сыр суы» филиалы ауыз суды магистралдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметіне бекітілген тариф туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

11. “Мөлдір бұлақ” экологиялық акциясы өткізілді.

Табиғатты аялау мен қоршаған ортаны қорғауды мақсат еткен игі шараға “Сыр суы” филиалының ұжымы белсенділікпен өз үлесін қосты.

Акция аясында Сырдария өзенінің жағалауына жиналған тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар жиналып, аумағы ретке келтірілді.

Табиғат – адамзатқа аманат етілген баға жетпес қазына. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау, тазалығын сақтау – әрбір азаматтың азаматтық парызы.